Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы
Программа развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 гг. «Еңбек»

«Diamond Smile» ЖШС стоматологиялық қызметтер көрсетеді.

Diamond Smile осуществляет свою деятельность с 2018 года и оказывает стоматологические услуги.



Маңғыстау облысы,
Жаңаөзен қаласы,
Көктем ы/а, 22а



+7 775 069 59 92



diamond.smile.ozen@gmail.com



PROSMILE

«Бизнестің жол картасы-2025»,
«Дорожная карта бизнеса-2025»

«PROSMILE» ЖШС (бұрынғы «KARDENT» ЖШС) стоматология саласында 3 жылдан бері қызмет көрсетіп келеді. Заманауи форматтағы стоматология әлемдік стоматология нарығында ұсынылған ең соңғы технологиялармен жабдықталған.


Компания ТОО «PROSMILE» (ранее ТОО «KARDENT») предоставляет услуги в сфере стоматологии более 3-х лет. Стоматология современного формата оборудована самыми последними технологиями, которые представлены на мировом рынке.



Ақтау қаласы,
316 ы/а, 30



+7 707 240 77 75



LION CONSTRUCTION GROUP

«Бизнестің жол картасы-2020»,
«Дорожная карта бизнеса-2020»

«Lion's fight club» - әлемдік стандарттарға сай келетін, заманауи спорт жабдықтары бар спорт зал. Күнделікті 350 бала мен ересектер бара алады. Академияда джиу-джитсу, грэпплинг, таэквондо, каратэ-до, каратэ-кекусинкай, кикбокс, тай бокс, дзюдо, еркін күрес, бокс, самбо және т. б. жекпе-жек түрлері бойынша спортшыларды кәсіби даярлаумен айналысуға мүмкіндік бар.

Спортивный зал Lion's fight club оснащен современным спортивным оборудованием, отвечающим мировым стандартам. Ежедневно спортзал могут посещать до 350 человек, как взрослых, так и детей. В Академии есть возможность заниматься профессиональной подготовкой спортсменов по различным видам единоборств: джиу-джитсу, грэпплинг, тхэквондо, каратэ-до, карате-кекусинкай, кик-бокс, тайский бокс, дзюдо, вольная борьба, бокс, самбо и др.



Маңғыстау облысы,
Ақтау қаласы



+7 708 430 93 33



MAGA-BREAD

«Даму-Өндіріс»

«Maga-Bread» ЖШС нан пісірудің барлық процесі - ашытқы дайындаудан бастап дайын өнім шығарғанға дейін толықтай автоматтандырылған және заманауи компьютерлік технологиялармен басқарылатын еліміздегі санаулы кәсіпорындардың бірі. Нан зауыты күн сайын 30 тоннаға дейін нан-тоқаш және кондитерлік өнімдер шығарады.

Хлебозавод Maga-Bread - одно из немногих предприятий страны, где весь процесс хлебопечения, от приготовления опары до выхода готовой продукции, полностью автоматизирован и управляется современными компьютерными технологиями. Ежесуточно хлебозавод выпускает до 30 тонн хлебобулочных и кондитерских изделий (выпечки).



Ақтау қаласы,
Приозерный ауылы, 27,
«Мағаш»



+7 701 777 11 37



Консервілеуден басқа, сүтті қайта өңдеу және ірімшік өндіру /
Переработка молока, кроме консервирования, и производство сыров

MILLINA FOOD PRODUCTION COMPANY LTD

«Даму-Өндіріс»

Millena Food Production Company ЖШС сұйық сүт өндіру саласында жұмыс істейді. Консервілеуден басқа, сүт өңдеумен және ірімшік өндірумен айналысады.

TOO Millina Food Production Company работает в отрасли производство жидкого молока. Занимается переработкой молока, кроме консервирования, и производством сыров.



Ақтау қаласы,
4-өнеркәсіптік аймақ, 63/1



+7 777 000 77 80



Түрлі тауарларды көтерме саудалау /
Оптовая торговля широким ассортиментом товаров

UNI TRADE AKTAU

«Бизнестің жол картасы-2025»
«Дорожная карта бизнеса-2025»

«Uni Trade Aktau» ЖШС – азық-түлік өнімдері мен шаруашылық тауарларын көтерме саумен айналысады. Тауар тапсырыс берушілерге тиел, жеткізу жүзеге асырылатын жекеменшік қойма ғимараттарында сақталады.

ТОО «Uni Trade Aktau» занимается оптовой реализацией продуктов питания и хозяйственных товаров. Товар хранится в собственных складских помещениях, откуда осуществляется погрузка и доставка товаров заказчиком.



Маңғыстау облысы
Басқұдық ауылы
2-өнеркәсіптік аймақ, 29



+7 7292 43 10 06



АКТАУСКАЯ КОНДИТЕРСКАЯ ФАБРИКА «ВОЛНА»

«Бизнестің жол картасы-2020»
«Дорожная карта бизнеса-2020»

Ақтау қаласындағы «Волна» кондитерлік фабрика 130-дан астам тәтті шығарады. Кондитерлік өнімдер үшін пайдаланылатын экологиялық таза шикізат (негізінен қазақстандық және ресейлік өндіріс) қатаң зертханалық бақылаудан өтеді. Фабрика кондитерлік өнімдер шығару барысында консерванттар мен зиянды қоспалар қолданбайды.

Актауская кондитерская фабрика «Волна» выпускает более 130 наименований сладостей. Экологически чистое сырье, используемое для производства кондитерских изделий (в основном, казахстанского и российского производства) проходит строгий лабораторный контроль. Консерванты и добавки в производстве кондитерских изделий не используются.



Ақтау қаласы,
26 ы/а, «Достық» СО



+7 (7292) 41 59 86



www.volna-aktau.kz



БЕРЕКЕТ-Ф

«Бизнестің жол картасы-2020»,
«Дорожная карта бизнеса-2020»

«Ак Нек» сүт зауыты Маңғыстау облысында сүзбе өнімдерін, айран, қаймақ өндіретін ірі өндірушілердің бірі. Барлық өнім жекеменшік зертханада күнделікті бақылаудан өтеді. «Ак Нек» компаниясының өнімі облыстың көптеген өңірлерінде кеңінен танымал.

Молочный завод "Ак Нек" является одним из крупнейших в Мангистауской области производителей творожной продукции, кефира и сметаны. Вся продукция проходит ежедневный контроль в собственной лаборатории. Продукция компании «Ак Нек» широко известна и любима во многих районах области.



Ақтау қаласы,
19 ы/а, «Ак-Нек» сүт зауыты



+7 (7292) 40 23 30



ДИС

«Даму Өндіріс»

«ДИС» компаниясының негізі 1999 жылы қаланған. Компания еден плиталары, іргетас блоктары, құдық сақиналары, жол плиталары, 0-5мм фракциясының жуылған қиыршық тастары және тауарлық бетон секілді темірбетон бұйымдарын сатады.

Компания ТОО "ДИС" основана в 1999 году. Компания реализует железобетонные изделия: плиты перекрытия, фундаментные блоки, кольца колодезев, дорожные плиты, мытый щебень фракции 0-5мм и товарный бетон.



Ақтау қаласы,
6-өнеркәсіптік аймақ, 16,



+7 (729) 254 43 74



ДСК-АКТАУ

«Даму-Өндіріс»

Ақтау үй құрылысы комбинаты 2017 жылы құрылды. Қысқа уақыт ішінде темірбетон бұйымдарын дайындау саласында жетекші орындардың бірін иеленген Ақтау үй құрылысы комбинаты Ақтау қаласындағы жаңа заманауи жоғары технологиялық және жоғары өнімді комбинат саналады табылады. Компания темір-бетон өнімдерін шығарады.

Домостроительный комбинат Актау был основан в 2017 году, за столь короткое время занял, одно из ведущих мест в сфере изготовления железобетонных изделий. Домостроительный комбинат Актау является абсолютно новым современным высокотехнологичным и высокопроизводительным Комбинатом. Компания выпускает железобетонные изделий, плиты, сваи и другое.



Ақтау қаласы,
5-өнеркәсіптік аймақ,
АЭА аумағы 3, 5/2



+7 778 688 55 55



office@dsk-aktau.kz



КАЗМАШСЕРВИС-АКТАУ

«Даму-Өндіріс»

«КазМашСервис-Ақтау» ЖШС мұнай-газ саласына қажет жабдықтар жеткізумен айналысады. Атап айтқанда: тиек-реттеу арматурасы, әр түрлі диаметрдегі және ерекшеліктегі құбырлар, шегендеу құбырлары, МКТ құбырлары, құбыржолдарды жалғау бөлшектері, мұнайдың жол қыздырғыштары, жер үсті және жер асты қондырғыларының резервуарлары, иректүтіктер, бұрандалы және терең ұңғымалық сорғылар жеткізеді.

ТОО «КазМашСервис-Ақтау» специализируется на поставке различного оборудования для нефтегазовой отрасли и имеет большой опыт на рынке. Поставляемая продукция - запорно-регулирующая арматура (задвижки, краны, клапаны, затворы, вентили), трубы различного диаметра и специфики, обсадные трубы, трубы НКТ, соединительные детали трубопровода (отводы, переходы, тройники, днища/заглушки), путевые подогреватели нефти, резервуары наземной и подземной установки, эмеевики, винтовые и глубинные скважинные насосы.



Маңғыстау облысы,
Мұнайлы ауданы
Қызылтөбе а.о., Бірлік ауылы



+7 701 986 10 20



rogokot@yandex.ru



www.kms-akt.satu.kz



Асфальтбетон өндірісі /
Производство асфальтобетона

КАСПИЙТАСЖОЛ

«Даму-Өндіріс»

«КаспийТасЖол» ЖШС 2013 жылдың 1 қарашасында тіркелген. Компанияның негізгі қызметі – асфальтбетон және тауар бетон шығару.

ТОО «КаспийТасЖол» зарегистрировано 01 ноября 2013 года. Основным видом деятельности Компании является выпуск асфальтобетона и товарного бетона.



Ақтау қаласы,
5-өнеркәсіптік аймақ,
“Ақтау теңіз порты” ЕЭА
3-субаймақ, 8/1



+7 (7292) 30 49 28



www.akzhol-group.kz



ARYSTAN ARENA

«Бизнестің жол картасы-2020»
«Дорожная карта бизнеса-2020»

ARYSTAN ARENA спорттық-сауықтыру кешені бес қабаттан тұрады. Онда спорттық бассейн, фитнес-зал, сауна, сұлулық салоны, би студиясы, йога және массаж орталығы, балаларға арналған қысқа мерзімді демалыс орталығы орналасқан. Спорт кешені жас ұрпақтың денсаулығын нығайтуға және тұрғындарды спортпен тұрақты айналысуға тартуға ықпал етеді.

Спортивно-оздоровительный комплекс ARYSTAN ARENA состоит из пяти этажей, общей площадью 2 808,1 м, с размещением в них спортивного бассейна, фитнес-зала, блока саун, салона красоты, студии танцев, центра йоги и массажа, центра кратковременного досуга для детей. Спорткомплекс способствует укреплению здоровья молодого поколения и привлечению жителей к регулярным занятиям спортом.



Ақтау қаласы,
22 ы/а, 50 жер телімі




ASIA MILK

«Бизнестің жол картасы-2020»,
«Дорожная карта бизнеса-2020»

«WDOS AGARGAN» ЖШС Asia Milk сауда маркасымен сиыр және түйе сүтінен айран, қаймақ, шұбат, құрт, йогурт, сүзбе, ірімшік және т. б. 42 түрлі өнім шығарады. Тәулігіне 50-ден 120 тоннаға дейін өнім беретін қуаты бар.

Компания WDOS AGARGAN занимается производством 42 видов молочной продукции на основе коровьего и верблюжьего молока под торговой маркой Asia Milk. Объем произведенной продукции в сутки составляет от 50 до 120 тонн. Ассортимент выпускаемой продукции: кефир, айран, сметана, шубат, курт, йогурт, творог, сыр, и т.д.

 Маңғыстау облысы
С. Шапағатов ауылы, 1059

 www.agargan.kz



CASPIO PLAST

«Даму-Өндіріс»

CaspioPlast компаниясы сүмен жабдықтау, су бұру, газбен жабдықтау және технологиялық құбыржолдар үшін полиэтиленнен жасалған сапалы құбырлар өндірумен айналысады. Жоғары сапалы полиэтилен SABIC компаниясынан сатып алынады. Компания қабырғасының қалыңдығы және диаметрі әртүрлі, тығыздығы жоғары полиэтиленнен, сондай-ақ полипропилен қорғаныш қабаты бар HDPE-100 төмен қысымды және тығыздығы жоғары полиэтиленнен жасалған құбырлар өндіреді.

Компания Caspio Plast занимается производством качественных трубопроводных систем из полиэтилена для систем водоснабжения, водоотведения, газоснабжения и технологических трубопроводов. Высококачественный полиэтилен закупается у компании Sabic, Компания производит газопроводные и водопроводные трубы из полиэтилена низкого давления и высокой плотности HDPE-100 диаметром от 50 до 710 мм с различной толщиной стенки, а также трубы из полиэтилена низкого давления и высокой плотности HDPE-100 диаметром от 50 до 710 мм с различной толщиной стенки с полипропиленовым защитным слоем.



Ақтау қаласы,
5-өнеркәсіптік аймақ,
З-ЕЭА аумағы



casioplast.kz



Мейрамханалары бар қонақ үйлер қызметі /
Предоставление услуг гостиницами с ресторанами

ТОРАЛ КАСПИЙ

«Қарапайым заттар экономикасы»,
«Экономика простых вещей»

Holiday Inn Aktau Sea side қонақ үй кешені – Ақтау қаласындағы бизнес және демалыс үшін ең үздік орын. Каспий теңізінің жағалауындағы Ақтау Резиденс ауданында орналасқан заманауи қонақ үй теңіз жағасынан 100 метр жерде орналасқан, ыңғайлы пирс бар.


Гостиничный комплекс Holiday Inn Aktau Sea Side - это современный отель на побережье Каспийского моря, предлагающий лучшее место в Ақтау для бизнеса и отдыха. Отель расположен в безопасном районе Ақтау Резиденс, всего в ста метрах от морского берега с прекрасным пляжем и удобным пирсом для купания. Благодаря отелю, увеличился поток туристов в регион и были созданы дополнительные рабочие места.



Ақтау қаласы,
Самал ы/а 2, 17



www.ihg.com



ДАРИА

«Қарапайым заттар экономикасы»
«Экономика простых вещей»

Тігін кәсіпорны «Дария» брендімен жүкті және бала емізетін аналарға арнап киім тігеді. Сондай-ақ балалар мен ересектерге арналған спорт киімдеріне де маманданған. Пандемия кезінде кәсіпкер өңірдің табиғи-климаттық жағдайларын назарға ала отырып, құрамында 95% мақта және 5% эластан бар трикотаж матаны пайдаланып, бетперденің жаңа моделін әзірледі.

Швейное предприятие специализируется на пошиве одежды под брендом «Дария» для будущих и кормящих мам, а также на пошиве спортивной одежды для детей и взрослых. Кроме того, принимая во внимание природно-климатические условия региона, предприниматель разработала новую модель масок из трикотажа, в состав которого входит 95% хлопка и 5% эластана.



Ақтау қаласы,
15 ы/а, 12/1



+7 702 646 74 78



dshop.kz@mail.ru



www.dshop.kz



Лак-бояу өнімдерін өндіру / Производство лакокрасочной продукции

GAMILON KZ

«Даму-Өндіріс»

«GAMILON KZ» лак-бояу компаниясы Weber сауда белгісімен еуропа технологиясы бойынша өнім шығарады. Компания алкидті және су негізіндегі өнеркәсіптік лак-бояу материалдарын жасап, шығарумен, сондай-ақ дайын өнімге арналған металл банкалар дайындаумен айналысады. Компанияның өндіріс стратегиясы – өнімнің ассортиментін кеңейту және тұтынушылардың жоғары сапалы отандық өнімге сұранысын қанағаттандыру.

Лакокрасочная компания "GAMILON KZ" выпускает продукцию по европейской технологии, под торговой маркой WEBER. Компания занимается разработкой и производством промышленных лакокрасочных материалов на алкидной и водной основе, а также изготовлением металлических банок для готовой продукции. Стратегия производства компании заключается в расширении ассортимента продукции и удовлетворении спроса потребителей в высококачественном отечественном продукте.



Павлодар қаласы,
Химкомбинат көшесі,
158/1 қ/н



+7 (7182) 62 03 39, 62 03 06



gamilonkz.pvl@mail.ru



ARINVEST ENERGY

«Даму-Өндіріс»

«ArInvest Energy» ЖШС полиэтилен және пенополиуретаннан сырты қапталған құбырлар, сондай-ақ оларға фасонды бұйымдар өндіруге маманданған Павлодар облысының заманауи жоғары технологиялық кәсіпорны. Бүгінгі күні компания өнімі Қазақстанның түрлі өңірлерінде құбыр төсеу кезінде пайдаланылады.

ТОО «ArInvest Energy» - это современное высокотехнологическое предприятие Павлодарской области, специализирующиеся на производстве полиэтиленовых и предварительно изолированных из пенополиуретана труб, а также фасонных изделий к ним. На сегодняшний день продукция компании используется при прокладке трубопроводов в различных регионах Казахстана.



Павлодар қаласы,
Циолковский көшесі, 59



+7 705 204 11 11



5999159@mail.ru



www.arinvest.kz



BEST MILK

«Бизнестің жол картасы-2025»
«Дорожная карта бизнеса-2025»

«Best Milk» компаниясы 2012 жылы сүт цехы болып ашылған. 2016 жылы компания кеңейіп, Павлодар қаласында сүт зауытын ашты. Бүгінде кәсіпорын тәулігіне 50 тоннаға дейін сүт өңдейді және 100-ге жуық өнім түрін шығарады. Компания өнімі Павлодар облысы ғана емес, Қазақстанның басқа қалаларына, сондай-ақ Ресейдің көршілес өңірлеріне де жеткізіледі.

Деятельность компании «Best Milk» началась в 2012 году с открытия молочного цеха. В 2016 году компания расширилась и открыла собственный молочный завод в г. Павлодар. Сегодня предприятие перерабатывает до 50 тонн молока в сутки и выпускает около 100 наименований продукции. Продукция компании поставляется за пределы Павлодарской области - в другие города Казахстана, а также соседние регионы России.



Павлодар қаласы,
Солтүстік өнеркәсіптік аймақ,
4554



+7 771 066 57 72



bestmilk@list.ru



www.bestmilk.kz



Көкөністерді, олардың тұқымы мен көшеттерін өсіру /
Выращивание овощей, их семян и рассады

GREENHOUSE-QAZTOMAT

«Бизнестің жол картасы-2025»
«Дорожная карта бизнеса-2025»

«GREENHOUSE-QAZTOMAT» ЖШС – Еуропа стандарттарына сай жаңа жабдықтармен және инновациялық жүйелермен, технологиялармен жабдықталған қызанақ өсіретін заманауи кешен. Жоба әлемге әйгілі өндірушілердің үштігіне кіретін Нидерланд Van der Hoeven Greenhousebuilders B.V., серіктестікте жүзеге асырылды.

ТОО «GREENHOUSE-QAZTOMAT» представляет собой современный комплекс по выращиванию томатов, оснащенный новейшим оборудованием и инновационными системами, и технологиями в соответствии с европейскими стандартами. Проект реализован в партнерстве с известным мировым производителем Van der Hoeven Greenhousebuilders B.V., Нидерланды, входящим в тройку мировых производителей.



Павлодар облысы,
Екібастұз қаласы, 172 е/к, 67



+7 718 727 86 80



info@qaztomat.kz



www.qaztomat.kz



МЕГА-КРОВЛЯ

«Бизнестің жол картасы-2025»
«Дорожная карта бизнеса-2025»

«Мега-Кровля» ЖШС - металл жабындарын, жабын материалдарын, қасбет панельдерді және т.б. өндіретін, қарқынды дамып келе жатқан отандық компания. Компания болашақта металл сайдинг шығаратын қосымша автоматты желі сатып алып, металл жабын шығаратын екінші желіні іске қосуды жоспарлап отыр.

ТОО «Мега-Кровля» - динамично развивающаяся павлодарская компания по производству металлочерепицы, кровельных материалов, фасадных панелей и т.д. В ближайших планах компании приобретение дополнительных автоматических линий по производству металлосайдинга, запуска второй линии по производству металлочерепицы, расширение рынка сбыта продукции.



Павлодар қаласы,
Транспортная көшесі, 17/1



+7 705 987 56 16



КОМПАНИЯ ТРОЯ

«Даму-Өндіріс», «Бизнестің жол картасы-2020»
«Даму-Өндіріс», «Дорожная карта бизнеса-2020»

«ТРОЯ» ЖШС мемлекеттік және коммерциялық мекемелер, кәсіпорындар, сондай-ақ жеке компаниялардың кеңселері үшін кез келген мақсаттағы корпустық, металл және зертханалық сапалы және заманауи жиһаз өндіреді. Компания металл және мектепке арналған жиһаздар өндірісін белсенді дамытуда.

ТОО Компания «ТРОЯ» специализируется на производстве корпусной, металлической и лабораторной мебели любого назначения для государственных и коммерческих учреждений, предприятий, а также офисов частных компаний. Опыт и креативный подход позволяет создавать качественную и современную мебель. Компания активно развивает производство металлической и школьной мебели. Богатая цветовая палитра мебели дает возможность подобрать органичное сочетание цвета и создать уютные условия.



Павлодар қаласы,
Ломов көшесі, 176/9



+7 (7182) 60 99 85



troyakz@mail.ru



www.troya.kz





АЙСБЕРГ ПВ

«Қарапайым заттар экономикасы», «Бизнестің жол картасы-2025», «Даму-Өндіріс»
«Экономика простых вещей», «Дорожная карта бизнеса-2025», «Даму-Өндіріс»

«Айсберг ПВ» ЖШС бүгінгі күні мұздатылған жартылай фабрикаттар өндірумен айналысатын тұрақты және қарқынды дамып келе жатқан кәсіпорындардың бірі. Шығарылатын өнімдердің түрі 80-нен астам. Атап айтқанда: тұшпара, құймақ, тефтели, хинкали, котлеттер, манты, тартылған ет, қамыр және тағы басқалар. Өнімдер Қазақстан Республикасынан тыс Омбы, Томск және Новосібір қалаларына да экспортталады.

ТОО «Айсберг ПВ» на сегодняшний день является одним из стабильно и динамично развивающихся предприятий, занимающихся производством замороженных полуфабрикатов. Список выпускаемой продукции состоит из более 80 наименований: пельмени, блинчики, тефтели, хинкали, котлеты, манты, вареники, фарш, тесто и многое другое. Продукция экспортируется за пределы Республики Казахстан - в города Омск, Томск и Новосибирск.

 Павлодар қаласы,
Торговая көшесі, 11/1

 +7 (7182) 68 67 78



БАЯНДИНОВА

«Даму-Өндіріс», «Бизнестің жол картасы-2020»
«Даму-Өндіріс», «Дорожная карта бизнеса-2020»

Кәсіпорын 2001 жылдан бастап «Алькор» перде салоны брендімен жұмыс істейді. Бүгінгі таңда «Алькор» Ақсу қаласы бойынша ең танымал перде салоны. Кәсіпорын Ақсу қаласында 5 жаңа бадабақша мен жаңа емхананы әзірлеп, пайдалануға берді. Компания болашақ аналарға арналған бұйымдар мен бүкіл отбасы үшін перделер, дастархан, жастықтар тігумен, ролл-перделер өндірумен айналысады, мемлекеттік сатып алуға қатысады.

Предприятие работает с 2001 года под брендом Салон штор «Алькор». На сегодняшний день Салон штор «Алькор» является самым успешным в своей деятельности по городу Ақсу. Предприятием отработано и сдано в эксплуатацию 5 новых детских сада и новая поликлиника в городе Ақсу. Компания занимается пошивом штор, скатертей, подушек для будущих мам и всей семьи, производством ролл-штор, успешно участвует в государственных закупках.



Павлодар облысы
Ақсу қаласы,
Астана к-сі, 18



+7 (71837) 6 80 05



ГОРОД МАСТЕРОВ

«Бизнестің жол картасы-2020», «Даму-Өндіріс»
«Дорожная карта бизнеса-2020», «Даму-Өндіріс»

«Город мастеров» компаниясы Павлодар облысының ірі жиһаз кәсіпорындарының бірі. Заманауи неміс технологиясымен жабдықталған зауыт балалар, жатын бөлмелері, қонақ бөлмелері мен кіреберістерге арналған отыздан астам заманауи жұмсақ жиһаз өнімдерін шығарады. Компания өнімдері Қазақстанның 20-дан астам қалаларына жеткізіледі. Компания өндірісті ұлғайту және Ресей нарығына шығуды жоспарлап отыр.

Компания «Город мастеров» является одной из крупнейших мебельных предприятий Павлодарской области. Фабрика, оснащенная современным немецким оборудованием, выпускает более тридцати популярных и современных изделий мягкой мебели для детских, спальных комнат, гостиных и прихожих. Продукция компании «Город мастеров» поставляется на рынки более чем 20 городов Казахстана. В планах компании увеличение производства и дальнейший выход на российский рынок.



Павлодар қаласы,
Генерал Дүйсенов көшесі, 119



+7 (7182) 32 52 58



www.bittnermebel.tilda.ws



БОНДАРЕНКО

«Даму-Өндіріс», «Бизнестің жол картасы-2025»
«Даму-Өндіріс», «Дорожная карта бизнеса-2025»

«Laurika» брендімен танымал «Бондаренко» ЖК балаларға қуаныш, ата-ана мақтаныш сыйлайды. Компания 2015 жылы құрылған және 2-13 жастағы қыздарға арналған сәнді киім шығарады. 2018 жылы компания тауар белгісін мемлекеттік тіркеуге қол жеткізді және «Laurika» бренді Қазақстанда ресми тіркелді. Компания балалар киімдерін Қазақстан, БАӘ, Ресей және Германия бойынша дүкендерге көтерме және бөлшек сауда арқылы экспорттайды.

ИП «Бондаренко» известная под брендом «Laurika» создаёт мир детской радости и родительской гордости. Компания основана в 2015 году и выпускает одежду для девочек 2–13 лет. В 2018 году компания получила государственную регистрацию товарного знака и бренд «Laurika» был официально зарегистрирован в Казахстане. Компания экспортирует детскую одежду оптом и в розницу в магазины по Казахстану, ОАЭ, России и Германии.



Павлодар қаласы,
Н. Назарбаев даңғылы, 20/1



+7 702 220 84 84



www.laurika.ru.com



Бетоннан, құрылыс гипсінен және цементтен жасалған бұйымдарды өндіру /
Производство изделий из бетона, строительного гипса и цемента

БОРОВКОВ

«Бизнестің жол картасы-2025», «Даму-Өндіріс»
«Дорожная карта бизнеса-2025», «Даму-Өндіріс»

«Боровков» ЖК – бетон және темірбетон бұйымдарын өндірудің озық технологияларын пайдаланатын заманауи, қарқынды дамып келе жатқан кәсіпорын. Компания тауар бетон және темірбетон іргетас блоктары, қоршау тақталары, арқалықтар, еден плиталары және т. б. бұйымдар шығарады.

ИП «Боровков» - это современное, динамично развивающееся предприятие, использующее передовые технологии производства бетона и железобетонных изделий. Компания выпускает товарный бетон и железобетонные изделия, такие как фундаментные блоки, заборные плиты, балки, плиты перекрытия и т. д.




Павлодар қаласы,
Жібек Жолы көшесі, 1675



+7 (7182) 62 08 08



www.nordblock-pavlodar.kz



ВАВИЛОН

«Бизнесің жол картасы-2020»
«Дорожная карта бизнеса-2020»

Павлодар облысы сапалы, заманауи жиһаз шығаратын компанияларымен танымал. Олардың қатарында «Вавилон» жиһаз ательесі» брендімен танылған «Суворова «Вавилон» ЖК бар. Он төрт жыл ішінде фирма шағын өндірістен Павлодар облысындағы ірі жиһаз өндірушілердің біріне айналды. Компания сапалы әрі қолайлы бағаға: жатын бөлме, қонақ бөлмелер, шкафтар-купе, ас үй, балалар жиһазын ұсынады.


Павлодарская область славится компаниями, выпускающими качественную, современную мебель, в числе которых ИП «Суворова «Вавилон», известная под брендом «Ателье мебели «Вавилон». За четырнадцать лет фирма прошла путь от небольшого производства до одного из крупнейших производителей мебели в Павлодарской области. Компания предлагает продукцию с идеальным соотношением цены и качества: спальни, гостиные, шкафы-купе, кухни, детские, мебель для офиса.



Павлодар қаласы,
Естай көшесі, 86



+7 (7182) 39 35 24



ГАЛИЦКОЕ

«Бизнестің жол картасы-2020»
«Дорожная карта бизнеса-2020»

«Галицкое» ЖШС мал шаруашылығы кешені 1998 жылы құрылған. Өңірдегі ең ірі фермада 200-ден астам адам жұмыс істейді. Сүт-тауар фермасынан басқа дәнді және жем-шөп дақылдарын да өсіреді.


Животноводческий комплекс ТОО «Галицкое» основан в 1998 году. На самой крупной ферме в регионе работает более 200 человек. Помимо молочно-товарной фермы комплекс выращивает зерновые и кормовые культуры.



Павлодар облысы,
Успен ауданы, Галицкое ауылы,
Карл Маркс көшесі, 2а



+7 (71834) 9 53 72



ГЛАЗНАЯ КЛИНИКА РЕТИНА НОРМА

«Бизнестің жол картасы-2020»
«Дорожная карта бизнеса-2020»

«Ретина Норма көз клиникасы» ЖШС көру қабілетінің бұзылуына диагностика жасап, емдеп, түзету қызметтерін ұсынады. Компания Нұр-Сұлтан, Шымкент, Алматы, Қарағанды, Өскемен, Семей қалаларында ұсынылған «Astana Vision» клиникаларының филиалдар желісіне кіреді.

ТОО «Глазная клиника Ретина Норма» предлагает услуги по диагностике нарушений и коррекции зрения. Компания входит в филиальную сеть клиник «Astana Vision», представленных в городах Нур-Султан, Шымкент, Алматы, Караганда, Оскемен, Семей.



Павлодар қаласы,
Ак. Бектұров көшесі, 103



+7 (7182) 65 29 94



www.vision.kz



ГРУППА ИНТЕР

«Даму-Өндіріс»

«Группа Интер» ЖШС «Пахомовские продукты» брендімен ұн, печенье және кондитер өнімдер шығарады. Компания өз клиенттеріне кез-келген талғамға сай келетін үлкен ассортимент пен үнемі жаңарып отыратын өнімдер ұсынады. Компанияның өнімдері заманауи жабдықтарда тек таңдаулы шикізаттан және жоғары сапалы қоспалардан дайындалады. «Пахомов өнімдері» - бұл сапа және керемет дәм.

ТОО "Группа Интер" успешно занимается производством муки, печенья и кондитерских изделий под брендом "Пахомовские продукты". Компания предлагает своим клиентам большой ассортимент и постоянно добавляемые новинки, на любой даже самый изысканный вкус. Продукция компании изготавливается на современном оборудовании только из отборного сырья и высококачественных материалов. "Пахомовские продукты" – это качество и отличный вкус.



Павлодар қаласы,
Нұркін көшесі, 102



+7 (7182) 34 71 03



info@melnik.kz



www.melnik.kz



ДАНИЕР

«Бизнестің жол картасы-2025»
«Дорожная карта бизнеса-2025»

«Даниер «ПТСФ» ЖШС – жоғары тығыздықтағы төмен қысымды полиэтиленнен жасалған сумен жабдықтау және кәрізге арналған полиэтилен құбырларын шығарады, сондай-ақ құрылыс жүргізеді. Өндірісте компания заманауи дәлелденген технологиялар мен жабдықтарды пайдаланады.

ТОО «ПТСФ «ДАНИЕР» специализируется на производстве полиэтиленовых труб для водоснабжения и канализации из полиэтилена низкого давления высокой плотности, а также на строительстве. Для производства продукции компания использует современные проверенные технологии и оборудование.



Павлодар қаласы,
Дөнентаев көшесі, 8



+7 (71837) 3 32 57



www.toodanierkz



ДЕКОЛИТ

«Даму-Өндіріс», «Бизнестің жол картасы-2020»
«Даму-Өндіріс», «Дорожная карта бизнеса-2020»

Компания 2001 жылы құрылған, құрылыс-әрлеу материалдарын өндіру бойынша Павлодар облысының ірі кәсіпорындарының бірі. Қарқынды дамып келе жатқан компания 40-тан астам түрлі қасбеттік, интерьер және тротуар плиткаларын шығарады. Олардың әрқайсысында 2-ден 10-ға дейін түсі бар. Фирма тротуар плиталары, құм блоктары, терезе өндіретін өз желісі бар. 2018 жылы компания керамзит қиыршықтасын және керамзит бетон блоктарын өндіру бойынша жаңа жабдықты енгізді.

ТОО ПТФ «ДЕКОЛИТ», образованное в 2001 году, одно из крупнейших предприятий Павлодарской области по производству строительно-отделочных материалов. Это динамично развивающаяся компания, в арсенале которой более 40 фактур фасадной, интерьерной и тротуарной плитки, каждая из которых имеет от 2 до 10 цветовых решений.



Павлодар қаласы,
Ломов көшесі, 178



+7 (7182) 60 15 20, 60 61 11



dekolit@mail.ru



www.dekolit-keramzit.kz



CREATIVO

«Қарапайым заттар экономикасы», «Бизнестің жол картасы-2025»
«Экономика простых вещей», «Дорожная карта бизнеса-2025»

«Creativo» жиһаз студиясы нарықта 2015 жылдан бастап жұмыс істейді. Компания кез-келген күрделі жұмсақ жиһазды және, ең бастысы, авторлық дизайн бойынша: диван, кереует, кресло, банкетка, пуф және басқа да жиһаздар жасайды. Өндіріспен қатар, компания жұмсақ жиһазды қалпына келтірумен де айналысады. Басшылықтың бастамасымен, компания базасында жұмыссыздарды жиһаз жинаушы, каркасшы, жұмсақ жиһаз тігіншісі мамандықтарына оқыту орталығы ашылды.

Студия мебели "Creativo" на рынке с 2015 года. Компания изготавливает мягкую мебель любой сложности и, что немаловажно, по авторскому дизайну: диваны, кровати, кресла, банкетки, пуфы и многое другое. Кроме изготовления предприятия занимается реставрацией мягкой мебели. По инициативе руководителя, на базе компании открыт центр по обучению безработных профессиям - сборщик мебели, каркасник, отстрельщик и швея по мягкой мебели.



Павлодар қаласы,
Камзин көшесі, 158/1



+7 747 749 79 21



@mebel_pvl_creativo



ЖАН-ДОС KZ

«Қарапайым заттар экономикасы»
«Экономика простых вещей»

Павлодар облысы бойынша астықты қайта өңдейтін компаниялардың бірі «ЖАН-ДОС KZ» ЖШС нарыққа 2015 жылы шығып, өз өнімін жоғары сапалы тауар ретінде көрсетуде. Жоғары және бірінші сұрыпты наубайхана ұны түрік өндірісінің дірмен кешенінде жаздық бидайдан жасалады. Компанияның мақсаты – табиғи, сапалы өнім шығару.

ТОО «ЖАН-ДОС KZ», одна из молодых компаний-переработчиков зерна по Павлодарской области, вышла на рынок в 2015 году и позиционирует свою продукцию как товар высокого качества. Мука хлебопекарная высшего и первого сорта изготавливается из хлебной зерновой культуры (яровой пшеницы) на мельничном комплексе турецкого производства. Цель компании - это производство натурального качественного продукта.



Павлодар қаласы,
Орталық өндірістік аймақ, 949



+7 (7182) 52 75 05



ЗАВОД ГОФРОТАРА

«Даму-Өндiрiс», «Бизнестiң жол картасы-2025»
«Даму-Өндiрiс», «Дорожная карта бизнеса-2025»

«Гофротара зауыты» ЖШС үш қабатты аса берiк гофрокартоннан жасалған бұйымдар шығарады. Ол тамақ өнiмдерi, ет, балық, көкөнiстер, жемiстер, кондитер және арақ-шарап өнiмдерi, сондай-ақ тұрмыстық техника мен жабдықтарды сақтау және тасымалдау үшiн пайдаланылады.

ТОО «Завод Гофротара» выпускает изделия из трёхслойного особо прочного гофрокартона, который используется для хранения и перевозки пищевых продуктов, мяса, рыбы, овощей, фруктов, кондитерских и винно-водочных изделий, а также бытовой техники и оборудования.



Павлодар қаласы,
Орталық өндiрiстiк аймақ, 336



+7 705 422 30 68



sales@zavodgofrotara.kz



www.zavodgofrotara.kz



ЗАВОД СТАЛЬНЫХ КОНСТРУКЦИЙ

«Бизнестің жол картасы-2025»
«Дорожная карта бизнеса-2025»

«Болат конструкциялар зауыты» металл құрылымдар жасау нарығында 2002 жылдан бері жұмыс істел келеді. Кәсіпорын олимпиадалық резерв мектебін, ферроқорытпа зауытын және басқа да өнеркәсіптік және азаматтық ғимараттар мен құрылыстарды салу кезінде пайдаланылған кез келген күрделі өнімдерді құрастырады.

ТОО «Завод стальных конструкций» работает на рынке изготовления металлоконструкций с 2002 года. Предприятие производит конструкции любого вида сложности, которые использовались при строительстве школы олимпийского резерва, ферросплавного завода и других промышленных и гражданских зданий и сооружений.



Павлодар қаласы,
Транспортная көшесі, 13



+7 (7182) 65 93 75



ЗЕРНОГРАД

«Даму-Өндіріс»

«Зерноград» ЖШС – Қазақстандағы өндірушілер мен қайта өңдеу кәсіпорындары арасында көшбасшылардың бірі. Кәсіпорынның негізгі қызметі – қарақұмық жармасы мен қара бидай ұнын сатып алу, қайта өңдеу, өндіру және сату. Компанияның негізгі сауда белгілері: «Апашка», «Кудесница», «Алтын Ханым», «Зерноград», «Царская Павлодарская».

ТОО "Зерноград" является одним из лидеров среди производителей и перерабатывающих предприятий в Казахстане. Основной деятельностью предприятия является закупка, переработка, производство и реализация сельскохозяйственной продукции - крупа гречневая и мука ржаная. Основные торговые марки компании: крупы фасованные "Апашка", «Кудесница», "Алтын Ханым", "Зерноград", "Царская Павлодарская".



Павлодар облысы,
Павлодар ауданы,
Рождественка ауылы,
Целинная көшесі, 1



32 10 90, 35 41 84



ИРТЫШКИЕ МЕЛЬНИЦЫ

«Бизнестің жол картасы-2025»
«Дорожная карта бизнеса-2025»

«Иртышские Мельницы» ЖШС астық өңдеу, ұн және жарма өнімдерін өндіру бойынша өз аймағындағы ірі кәсіпорын. Компания сондай-ақ өнімді Орталық Азия (Түрікменстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан), Ауғанстан және Ресей елдеріне де экспорттайды.

ТОО "Иртышские Мельницы" является крупнейшим в своем регионе предприятием по переработке зерна, производству муки и крупяных изделий. Компания также экспортирует продукцию на рынки Центральной Азии (Туркменистан, Узбекистан, Таджикистан, Киргизия), Афганистана и России.



Павлодар қаласы,
Орталық өнеркәсіптік аймақ, 1732



+7 (7182) 33 40 39



www.muka-pavlodara.kz



KAZAGROTUMAR

«Қарапайым заттар экономикасы»
«Экономика простых вещей»

«KazAgroTumar» ЖШС «ЭКОСС-КАТ» сауда белгісімен сусымалы және сұйық органикалық өнім өндіреді. Өнім Қазақстан Республикасында баламасы жоқ биотехникалық кешенде, биотехнологияларды және тереңдетілген гумификациялау сатысын қолдана отырып, жергілікті шикізаттан дайындалады.

ТОО «KazAgroTumar» специализируется на производстве сыпучей и жидкой органической продукции под торговой маркой «ЭКОСС-КАТ». Продукция производится на биотехническом комплексе, не имеющем аналогов в Республике Казахстан. Продукция изготавливается из местного сырья с применением биотехнологий и стадии углубленной гумификации.



Павлодар қ.,
Орталық өнеркәсіптік аймақ, 1148



+7 775 217 77 64



kazagrotumar@mail.com



Шатыр және гидроқшаулағыш материалдар өндірісі /
Производство кровельных и гидроизоляционных материалов

www.damu.kz

КАЗБИТУМСЕРВИС

«Даму-Өндіріс», «Бизнестің жол картасы-2020»
«Даму-Өндіріс», «Дорожная карта бизнеса-2020»

«КазБитумСервис» ЖШС – «Elvaloy RET» ПБВЭ 70/100 модификаторын қолдана отырып, БНД 70/100, 100/130 битумдары негізінде жабын және гидроқшаулағыш материалдарды еуропалық стандарттар бойынша шығарумен айналысатын қарқынды дамып келе жатқан компания. Компания Қазақстан мен жақын шет ел нарығына «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС өндірісіндегі мұнай битумдарын өткізу бойынша ірі оператор.

ТОО «КазБитумСервис» - это динамично развивающаяся компания, занимающаяся выпуском кровельных и гидроизоляционных материалов по европейским стандартам, таких как: праймер битумный, мастика МБК-Г полимерно-битумный вяжущий на основе битумов БНД 70/100, 100/130 с применением модификатора «Elvaloy RET» марка ПБВЭ 70/100. Компания является крупнейшим оператором по реализации нефтяных битумов производства ТОО «Павлодарский Нефтехимический Завод», которые поставляет на рынок Казахстана и ближнего зарубежья.



Павлодар қаласы,
Солтүстік өнеркәсіптік аймақ,
65/1



+7 (7182) 39 34 80



8714302@mail.ru



www.kbspv.kz



КАЗБЫТХИМ

«Бизнестің жол картасы-2020»
«Дорожная карта бизнеса-2020»

«КазбытХим» ЖШС тұрмыстық химия зауыты дезинфекциялық құралдардың бірнеше түрін, ересектер мен балаларға арналған сусабындарды, ваннаға арналған көбіктерді, душқа арналған гелдерді, сұйық сабынды, ыдыс жууға арналған құралдарды және тұрмыста күнделікті қолдануға арналған басқа да тауарларды шығарады. Компания жетекші әлемдік көшбасшылардың бестігіне кіретін, әлемге әйгілі : Akzo Nobel (Голландия), Basf және Cognis (Германия), AFF (Англия) секілді шикізат өндірушілерімен ынтымақтастықта

Завод бытовой химии ТОО «КазбытХим» производит несколько видов дезинфицирующих средств, шампуней для взрослых и детей, пены для ванн, гелей для душа, жидкого мыла, средства для мытья посуды и другие товары для повседневного использования в быту. Компания сотрудничает с всемирно известными производителями сырья, входящими в пятерку ведущих мировых лидеров: Akzo Nobel (Голландия), Basf и Cognis (Германия), AFF (Англия).



Павлодар қаласы,
Сормов көшесі, 2



+7 (7182) 33 40 00



kazbitxim@mail.ru



Өңдеу өнеркәсібі-арнайы киім өндірісі /
Обрабатывающая промышленность – производство спецодежды

КАЗПРОФБЕЗОПАСНОСТЬ

«Бизнестің жол картасы-2025»
«Дорожная карта бизнеса-2025»

«КазПрофБезопасность» компаниясы қызметінің негізгі бағыттары - арнайы киім өндіру, арнайы киім, аяқ киім және ЖҚК көтерме-бөлшек саудасы. Барлық өндірілетін өнім СТ-KZ сертификатына ие, сондай-ақ Кеден одағының 019/2011 "жеке қорғаныс құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламенті бойынша сертифицирталған.

Основные направления деятельности Компании «КазПрофБезопасность» - производство спецодежды, оптово-розничная торговля специальной одеждой, обувью и СИЗ. Вся производимая продукция имеет сертификат СТ-KZ, а также сертифицирована по Техническому Регламенту Таможенного Союза 019/2011 «О безопасности средств индивидуальной защиты».



Павлодар қаласы,
Иса Байзақов көшесі, 294/1



+7 (7182) 65 17 17



office@kps-sp.kz



www.kps-sp.kz



Кабель-өткізгіш өнімдерін, алюминий орамын дайындау /
Изготовление кабельно-проводниковой продукции, алюминиевой катанки

КАЗЭНЕРГОКАБЕЛЬ

«Бизнестің жол картасы-2025»
«Дорожная карта бизнеса-2025»

«Казэнергокабель» АҚ 17 000 астам өнім түрлерін шығарады. Кабель-өткізгіш өнімдердің аса ірі отандық өндірушісі. Филиалдары (Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе, Ақтау қалалары) Қазақстанның кез келген өңірі үшін жеткізудің ең үздік шарттарын ұсынуға мүмкіндік береді.

АО «Казэнергокабель» является крупнейшим отечественным производителем кабельно-проводниковой продукции с номенклатурой выпускаемой продукции свыше 17 000 наименований и маркоразмеров. Развитая филиальная сеть (города Нур-Султан, Алматы, Актөбе, Актау) позволяет предлагать наилучшие условия поставки практически для любого региона Казахстана.



Павлодар қаласы,
Солтүстік өнеркәсіптік аймақ,
6/2



+7 (7182) 53 92 24



kazkabel@kazkabel.kz



www.kazkabel.kz



КОРПОРАЦИЯ ЕВРОПАК

«Бизнестің жол картасы-2025», «Даму-Өндіріс»
«Дорожная карта бизнеса-2025», «Даму-Өндіріс»

«Корпорация Европак» ЖШС 2017 жылдан бастап орау материалдарын өндіру нарығында жұмыс істеп келеді. Барлық өнім Азия мен Еуропаның жетекші фирмаларының жоғары сапалы шикізатын пайдалана отырып, заманауи еуропалық жабдықта дайындалады. Өнімдер сапа стандартының барлық талаптарына сәйкес келеді және берік.


ТОО "Корпорация Европак" на рынке производства упаковочных материалов с 2017 года. Вся продукция изготавливается на современном европейском оборудовании, с использованием высококачественного сырья от ведущих фирм Азии и Европы. Продукция соответствует жестким требованиям к стандарту качества и обладает высокой прочностью.



Павлодар қаласы,
Солтүстік өндіріс аймағы, 97/1



+7 705 408 35 42



КРЕНДЕЛЬ

«Бизнестің жол картасы-2025», «Даму-Өндiрiс»
«Дорожная карта бизнеса-2025», «Даму-Өндiрiс»

«Крендель» ЖШС дүкендер, кофеханалар және мейрамханалар желісі арқылы кондитерлік өнімдердің көптеген түрін пісіріп, сатумен айналысады. 2017 жылдан бастап компания «Кренделия» сауда белгісімен франшиза жобасын жүзеге асыруда. Бренд Павлодар облысының, Нұр-Сұлтан, Семей және Өскемен қаласында танымал әрі сұранысқа ие.

ТОО «Крендель» занимается производством и реализацией кондитерских изделий в широком ассортименте через сеть магазинов, кофеен и ресторанов. С 2017 года ТОО «Крендель» реализует проект франшизы под маркой «Кренделия», бренд пользуется большой популярностью среди населения Павлодарской области, г. Нур-Султан, г. Семей и г. Усть-Каменогорск.



Павлодар қаласы,
Абай көшесі, 115



+7 (7182) 32 37 25



www.krendel.kz



Салқындатылған және мұздатылған тауық еті өндірісі /
Производство мяса курицы в охлажденном и замороженном виде

КЫЗЫЛЖАР-КУС

«Даму-Өндіріс»

«Қызылжар-Құс» ЖШС – Павлодар облысындағы бройлер тауық өсіріп, тоңазытылған және мұздатылған тауық етін өндіретін жалғыз құс фабрикасы. Бұл жобаның ерекшелігі – инновациялық технологиялармен басқарылатын бизнес процестерді енгізу арқылы құс өсіріп, одан әрі толық өңдеу циклын жолға қойған заманауи агроөнеркәсіп кешенін құрғанында.

ТОО «Кызылжар-Кус» является единственной птицефабрикой по выращиванию бройлеров и производству мяса курицы в охлажденном и замороженном виде в Павлодарской области. Отличительной особенностью данного проекта является создание современного агропромышленного комплекса бройлерного птицеводства по выращиванию и дальнейшей глубокой переработки мяса птицы, на основе внедрения управляемых бизнес процессов с применением инновационных технологий.



Павлодар облысы,
Қызылжар ауылы,
Дорожная көшесі, 12



+7 (7182) 33 93 98



www.kyzylzhar-kus.kz



ЦЕНТР ЧТЕНИЯ

«Бизнестің жол картасы-2025»
«Дорожная карта бизнеса-2025»

Ольга Лысенконың қарқынды оқыту әдісінің көмегімен Қазақстан мен Ресейдегі көптеген білім беру орталықтарындағы балалар мектепке қарағанда 7-10 есе жылдам оқуға үйренеді. Әдістемелер мектепке дейінгі дайындық пен бастауыш сыныптарына арналған. Осы әдістемемен Қазақстан, Украина, Беларусь, Канада, Англия, АҚШ, Мексика және Түркияны қоса алғанда, 200-ден астам мектепте оқитын студенттер тамаша білім нәтижесін көрсеткен.

С помощью Методики Интенсивного Обучения, разработанной Ольгой Лысенко, многие образовательные центры по всему Казахстану и России обучают детей чтению в 7-10 раз быстрее, чем в школе. Методики ориентированы на дошкольную подготовку и начальную школу. Успех этой разработки подтверждён в первую очередь результатами учеников, которые занимаются по методике более чем в 200 школах, включая Казахстан, Украину, Белоруссию, Канаду, Англию, США, Мексику и Турцию.



Павлодар қаласы,
Бұхар Жырау көшесі, 99а



+7 (7182) 32 30 02



www.metodika-lysenko.com



МАКЕТ МАСТЕР КАЗАХСТАН

«Бизнестің жол картасы-2025»
«Дорожная карта бизнеса-2025»

«Макет Мастер Казахстан» ЖШС жарнама конструкцияларын дайындау, лазермен кесу, кең форматты баспа өнімдері, макеттер дайындау, сәулет-құрылыс жобалауы бойынша қызметтер ұсынады. 2017 жылы компания мемлекеттік рәміздер жасауға лицензия алды.

ТОО «Макет Мастер Казахстан» предоставляет услуги по изготовлению рекламных конструкций, лазерной резки, широкоформатной печати, изготовлению макетов, архитектурно-строительное проектирование. В 2017 году компания получила лицензию на производство государственной символики.



Павлодар қаласы,
Толстой көшесі, 120



+7 (7182) 66 75 73



МЕРУСАР И К

«Бизнестің жол картасы-2025», «Даму-Өндіріс»
«Дорожная карта бизнеса-2025», «Даму-Өндіріс»

«Мерусар и К» компаниясы өз қызметін 2001 жылы бастады. Жеке қорғаныс құралдарын, медициналық орап-таңу жиынтықтарын, тыныс алу (тыныс алу контурлары) жиынтықтарын өндіретін қарқынды дамып келе жатқан отандық компаниялардың бірі. Компанияда зарарсыздандырылған және зарарсыздандырылмаған медициналық мақсаттағы бұйымдар шығаруға құқық беретін 12 тіркеу куәлігі бар. Өнім радиация немесе газ әдісімен зарарсыздандырылады.

ТОО Компания «Мерусар и К» начала свою деятельность в 2001 году и является одной из динамично развивающихся компаний Казахстана, производящей средства индивидуальной защиты, процедурные и операционно-перевозочные наборы, наборы дыхательные (дыхательные контуры). У компании 12 регистрационных удостоверений, дающих право выпускать изделия медицинского назначения, как стерильные, так и нестерильные. Стерильная продукция стерилизуется радиационным, либо газовым методом.



Павлодар қаласы,
Чайковский көшесі, 5



+7 (7182) 54 30 03



МиТ-ФАРМ+

«Бизнестің жол картасы-2025»
«Дорожная карта бизнеса-2025»

«Profimed» медициналық орталығы (МиТ-ФАРМ+) - Павлодар қаласы мен Павлодар облысының тұрғындарына консультация-диагностика және емдеу-алдын алуда көмек көрсететін заманауи медицина клиникасы. Орталық заманауи медициналық жабдықтармен жабдықталған. Медициналық көмек ақылы және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) және МӘМС шеңберінде көрсетіледі.

Медицинский центр «Profimed» (ТОО «МиТ-ФАРМ+») - это современная медицинская клиника по оказанию консультативно-диагностической и лечебно - профилактической помощи населению города Павлодара и Павлодарской области. Центр оснащен современным медицинским оборудованием. Медицинская помощь оказывается на платной основе и в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи (ГОБМП) и ОСМС.



Павлодар қаласы,
ак. Бектұров көшесі, 115/2



+7 705 621 21 21



www.profed.kz



Сүт өңдеу, құрғақ сүт өндіру /
Переработка молока, производство сухого молока

МОЛОГА-ПАВЛОДАР

«Бизнестің жол картасы-2025», «Даму-Өндіріс»
«Дорожная карта бизнеса-2025», «Даму-Өндіріс»

«Молога-Павлодар» ЖШС құрғақ сүт қоспаларын өндіреді. Сапалы өнім Павлодар облысының кәсіпорындарына да, өңірден тыс жерлерге де жеткізіледі.

ТОО «Молога-Павлодар» занимается производством сухих молочных смесей. Качественная продукция поставляется как предприятиям Павлодарской области, так и за пределы региона.



Павлодар қаласы,
Солтүстік өндірістік аймақ, 380



+7 (7182) 73 07 32



ОРТОПРОТ

«Бизнестің жол картасы-2025»
«Дорожная карта бизнеса-2025»

«Ортопрот» фирмасы ЖШС 20 жылдан астам уақыттан бері Павлодар облысы мен одан тыс жерлерде тұратын мүмкіндігі шектеулі адамдарды протез-ортопедия бұйымдарымен қамтамасыз етіп келеді. Компания медициналық қызмет көрсетеді, аяқ-қол протездерін, ортопедия аяқ кіддерін және т. б. шығарады.

ТОО фирма «Ортопрот» на протяжении более 20 лет обеспечивает протезно-ортопедическими изделиями людей с ограниченными возможностями, проживающих на территории Павлодарской области и за её пределами. Компания оказывает медицинские услуги, производит протезы верхних и нижних конечностей, ортопедическую обувь и т.д.



Павлодар қаласы,
Арғынбаев көшесі, 34



+7 705 511 73 25



Жұмыртқа өндіру /
Производство яиц

ПАВЛОДАР ҚҰС

«Бизнестің жол картасы-2025»
«Дорожная карта бизнеса-2025»

«Павлодар Құс» компаниясы тағамға арналған жұмыртқа өндіріп, жеткізушілердің бірі. Кәсіпорын 230 мың тауық пен 63 миллион балапан баға алады. Өнімдері Қазақстан, Қырғызстан, Ресей мен Ауғанстанда сатылады.

Компания «Павлодар Құс» - один из ведущих производителей и поставщиков пищевого яйца. Мощность предприятия рассчитана на 230 тыс. кур несушек и 63 миллиона цыплят. Продукция предприятия известна и реализуется в Казахстане, Кыргызстане, России и Афганистане.



Павлодар облысы,
Жетекші ауылы,
Целинная көшесі, 33



+7 (7182) 63 92 89



ПАРХОМЕНКО А.В.

Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы
Программа развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 гг. «Еңбек»

«Пархоменко А.В.» ЖК жарнама және полиграфия орталығы бұл нарықта бірнеше жылдан бері жұмыс істейді. Шеберхана жарнама өнімдерінің барлық түрін, атап айтқанда маңдайшалар, көлемді әріптер, жарық қораптарын (лайтбокстарды), штендерлер жасайды және витрина, қала ғимараттарында немесе көшелерінде жарық қондырғыларын безендірумен айналысады. 2017 жылдан бастап компания жаңа бағытта жұмыс істей бастады. Құрсаулы полистирол көбіктерінен бұйымдар жасайды.


